

ЖШС «Нұр-Тілек» бобекжай-бакшасы

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Менің сүйікті кейінкерім»

(ортанғы тобы)

Откізген: Топ тәрбиешілері

2023-2024 оку жылы

«Шалқан» ертегісі

Автор: Ерте ерте ертеде, ешкі жұні бөртеде шал мен кемпір болыпты.

Бір күні атай шалқан екті де:

Атай: — Өс, шалқаным, тәтті бол өс! Өс, шалқаным, мықты бол өс!

Автор: Күндерден күн өтті, айлардан ай өтті. Шалқан ете үлкен, мықты болып есті. Атай шалқанды әрі тартқылайды, бері тартқылайды, жұлып ала алмайды. Сойтіп атай көмекке әжейді шақырады.

Әже: Мен көмекке келдім.

Автор: Әжей атайдан, атай шалқаннан тартып, жұлып ала алмайды.

Әже: — Атасы, екеуміздің осыған күшіміз жетпейтін сияқты. Көмекке қызымызды шақырайық.

Автор: Сойтіп көмекке қызын шақырады. Қызы әжесінен, әжесі атайдан, атай шалқаннан ұстап тартады. Алайда еш нәтиже болмайды.

Қызы: — Бізге көмекке тағы біреу керек сияқты. Мен күшігімді шақырайын.

Автор: Қызы көмекке күшігін шақырады. Күшігі қыздан, қыз әжесінен, әжесі атайдан, атай шалқаннан ұстап тартқылайды. Бірақ тағы да жұлып ала алмайды.

Күшік: Қанеки, біз көмекке мысықты шақырайық. Мысығым, мысығым келіп бізге көмектес.

Автор: Күшік мысығын шақырады. Мысық күшікten, күшік қыздан, қыз әжейден, әжей атайдан, атай шалқаннан ұстап әрі тартқылайды, бері тартқылайды. Тағы жұлып ала алмайды.

Мысық: — Менің ойныша бізге тағы да көмек керек сияқты. Тышқан, тышқан бізге көмектесіш.

Автор: Барлығы бірге шалқанды тартады. Сол кезде шалқанды жерден жұлып алады.

Әжей шалқанды косып тамақ пісіреді. Бәрі дәмді тағамнан ауыз тиеді. Тышқан тамакты жеп отырып, бытай дейді:

Тышқан: — Бұл тағам ете дәмді екен. Егер келесі жолы тағы көмегім керек болса шақырындар дейді.

Ролдерде ойнагандар:

Автор: Тәрбиеші

Атай: Жанар

Әжей: Жазира

Немере қызы: Бағдат

Күшік: Шерхан

Мысық: Саида

Тышқан: Даulet

